

## **Білім беру ұйымдарында оқытудың күндізгі нысанында білім алушыларға академиялық демалыс берудің ережесін бекіту туралы**

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 12 қарашадағы N 906 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 13 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 3258. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 124 Бұйрығымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2008.03.18 N 124 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.*

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 22 қазандағы N 319-е өкімін орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған Білім беру ұйымдарында оқытудың күндізгі нысанында білім алушыларға академиялық демалыс берудің ережесі бекітілсін.

2. "Жоғары және жоғары оқу орындарының қызметін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 11 наурыздағы N 151 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған бұйрықтармен бекітілген жоғары оқу орындарының қызметін ұйымдастыру ережесінің 7-тарауы алынып тасталсын. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде N 1474 тіркелген, нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2001 жылы N 22 жарияланған. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2002 жылғы 21 наурыздағы N 200 , 2003 жылғы 13 ақпандағы N 82 бұйрықтарымен енгізілген өзгерістерімен).

3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (К. Құрманәлиев) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

4. Осы бұйрық тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім және ғылым бірінші вице-министрі Г.Н.Гамарникке жүктелсін.

*Министр*

К е л і с і л д і :  
Қазақстан Республикасының  
денсаулық сақтау Министрлігі

2004 жыл 12 қараша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2004 жылғы 12 қарашадағы

№ 906 бұйрығымен бекітілген

**Күндізгі оқыту нысанындағы білім беру ұйымдарында  
білім алушыларға академиялық демалыстар берудің  
тәртібі мен мерзімдері жөніндегі нұсқау**

**1. Жалпы ережелер**

1. Күндізгі оқыту нысанындағы білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар берудің тәртібі мен мерзімдері жөніндегі осы нұсқау " Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30 бабына сәйкес әзірленген.

2. Академиялық демалыс - білім алушының денсаулық жағдайына, соның ішінде жүктілігі мен босануына байланысты оқуын уақытша тоқтататын кезең.

3. Білім алушының академиялық демалыс алуға жазған өтінішін, білім беру ұйымы емтихандық сынақ басталғанға дейін қарайды. Емтихандық сынақ басталғанға дейін денсаулығына ешқандай арызданбай, "қанағаттанарлықсыз" баға алғаннан кейін ғана академиялық демалыс беру туралы өтінішін берген білім алушы, үлгермеуші болып саналады. Ерекше жағдайларды білім беру ұйымы жеке түрде қарастырады.

4. Мемлекеттік білім беру гранты немесе несиесі негізінде білім алушыға академиялық демалыс бергенде, оның осы грант немесе несие бойынша оқуды жалғастыру құқығы сақталады және академиялық демалыс мерзіміне оны оқытуды қаржыландыру тоқтатылады (медициналық қорытынды негізінде академиялық демалыста жүрген грант иелеріне бекітілген тәртіппен берілетін стипендиядан басқасы), академиялық демалыс біткеннен соң қаржыландыру қайта басталады.

**2. Академиялық демалыс берудің тәртібі мен мерзімдері**

5. Білім алушыларға тек дәрігерлік кеңес комиссиясының (ДКК) қорытындысы негізінде ғана, ұзақтығы 2 айдан 12 айға дейін, ерекше жағдайларда ғана 2 жылға, бірақ одан артық емес, академиялық демалыс беріледі.

6. Медициналық көрсеткіштер бойынша академиялық демалыс беру мүмкіндігі туралы дәрігерлердің сараптау шешімін шығару үшін, білім алушы

білім беру ұйымына қызмет көрсететін емдеу-профилактикалық ұйымына өзі қаралған медициналық ұйымынан ауру тарихының толық көшірмесін әкеліп көрсету керек.

7. Дәрігерлік кеңес комиссиясы ауру адамға (жүкті әйелге) академиялық демалыс беру немесе денсаулық жағдайына байланысты басқа факультетке (мамандыққа) оқуға ауыстыру қажеттілігі туралы қорытынды шығарады.

8. Білім алушы академиялық демалыс алу үшін білім беру ұйымы басшысының атына өтініш жазады және ДКК анықтамасын әкеледі. Мәселе дұрыс шешілген жағдайда, білім беру ұйымының басшысы білім алушыға басталу және аяқталу мерзімі көрсетілген академиялық демалыс беру туралы бұйрық береді.

9. Мемлекеттік білім беру гранты мен мемлекеттік білім беру несиесі бойынша білім алушыға академиялық білім демалыс беру туралы бұйрықтың көшірмесін білім беру ұйымының басшысы, осы бағдарламаны керекті сомаға және мерзімге қаржыландыру жағынан түзетулер енгізетін, республикалық бюджет есебінен қаржыландыратын жоғары оқу орындары мен колледждерге - жергілікті бюджет есебінен қаржыландыратын білім беру салаларындағы орталық атқарушы органдарға, колледждерге - облыстық, Астана, Алматы қалалық білім беру департаменттеріне жолдайды.

10. Созылмалы және қатты психикалық аурулардың күшеюінің барлық жағдайларында, білім беру ұйымының басшылығы емдеу-профилактикалық ұйымымен бірге, психо-неврологиялық диспансердің сараптамасы негізінде білім алушыны басқа факультетке ауыстыру немесе оқытудың басқа түріне көшіру жағдайларын қарастырады.

11. Туберкулез ауруымен ауыратын білім алушыларға мерзімі бір жылдық академиялық демалыс беріледі. Аурудың асқынған жағдайында, оқуды жалғастыру немесе басқа білім беру ұйымына ауыстыру мәселесі жеке тәртіппен шешіледі.

12. Демалыстан қайтып келген білім алушы, кезекті семестр басталмай тұрып білім беру ұйымы басшысының атына академиялық демалыстан келгені туралы өтінішін жазады және оған қоса ДКК мен ауруды бақылаған емдеу ұйымынан денсаулығы туралы және оқуды жалғастыруға рұқсат етілгені туралы анықтама әкеледі. Соның негізінде білім беру ұйымының басшысы, білім алушының мамандығын, курсы, тобын көрсетіп, оның академиялық демалыстан қайтып келгені туралы бұйрық шығарады.

Осы бұйрықтың көшірмесі, тиісті бағдарламаны қаржыландыру бойынша шешім қабылдау үшін, республикалық бюджет есебінен қаржыландыратын жоғары оқу орындары мен колледждерге - жергілікті бюджет есебінен қаржыландыратын білім беру салаларындағы орталық атқарушы органдарға,

колледждерге - облыстық, Астана, Алматы қалалық білім беру  
департаменттеріне жіберіледі.

13. Академиялық демалыстан қайтып келген білім алушы, емтихандық сынақ басталмай тұрып, егер бар болса, оқу жоспарларындағы айырмасын жою керек.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ